




Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А – 1/1 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Жаксы ауданы бойынша білім
бөлімі Терісаққан ауылының негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Жаксы ауданы бойынша білім бөлімі Терісаққан ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) білім беру саласындағы функцияларды жүзеге асыру үшін мекеме-құқықтық нысанда құрылған, заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Конституцияға, Қазақстан Республикасының заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғы негізінде жүзеге асырады.

4. Ақмола облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Жаксы ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Жаксы ауданы бойынша білім бөлімі Терісаққан ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 021007 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Жаксы ауданы, Терісаққан ауылы, Майкөтов көшесі, ғимарат 23.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері мен мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алмайды.